



Қарқаралы

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

5 шілде 2025 жыл Сенбі №26 (12 028)

<https://qarqaralygazeti.kz>

www.facebook.com/qarqaralygazeti/

[qarqaraly_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

karkaraly_too@mail.ru

Абай – 180

Абай – әлемдік деңгейдегі кемеңгер

Абай – қазақтың ғана ақыны емес, жалпы адамзат баласына ортақ тұлға, ғұлама адам. Оны барша түркі жұрты баяғыда мойындап қойған. Жоқ жерден ши шығарып, жел беріп жүрген өзіміз.



Алдымызда келе жатқан ақынның 180 жылдық тойына байланысты Қарағанды руханияты облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйытқы болуымен, жақсы істерімен көпшіліктің назарына ілігіп, көптеген мәдени шара өткізіп жүргенін паш етіп жатқан жайымыз бар. Тағы бір сондай игілікті шараның куәсі болдық.

Қарағанды қаласы «Достық» үйінің концерттік залында «Абай – әлемдік ойдың алыбы» деген тақырыпта әдеби-танымдық кеш өтті. Кешті Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің кәсіби мамандары Г.Медеубаева мен А.Сейдіғали асқан жауапкершілікпен жүргізді. Кеш шымылдығы С.Сейфуллин атындағы Қазақ драма театрының әртісі А.Жұмамұратовтың орындауындағы жас Абайдың монологомен ашылды. Одан кейін көңілге түрлі ой салар Абай өңдері шырқалды, «Аққу» фольклорлық би ансамблінің бишілерінің өнерін тамашаладық.

Аталмыш мерейтойға байланысты мектеп жасына дейінгі балалар арасында ұйымдастырылған «Абай әлемі» облыстық фестивалінде оза шауып төрге озған жеңімпаз ұжымдардың аты аталды. Фестиваль жұмысына қазылық еткен А.Е.Қадыр, Д.Қ.Төркекелді,

Г.С.Бегимова, Ж.Р.Жақан, және Ж.Аймарал Қарағанды қаласының «Арман», «Шырақ», «Айсұлу», Осакаров ауданындағы «Нұрай», Шахтинск қаласындағы «Снегурочка» бөбекжайлары ұжымдарының үздіктер қатарынан табылғанын хабарлады.

Облыс көлеміндегі ардагерлер ансамблі мен этно-мәдени бірлестіктер арасында «Өнді сүйсең, менше сүй» атты облыстық байқау өткізіліп, соған байланысты өңірлерден 10 өтінім түскен екен, соның қорытындысы «Достық» үйінде көпшілікке жария етілді. Қазылық еткен азаматтар К.Н.Жұмабеков, Ә.М.Тойжігіт, Ж.П.Ақишев, Е.Н.Найманбай, Қ.Ж.Аптамбергенова сахна төріне шақырылып, байқау нәтижесінің қорытындысын хабарлады. Нәтижесінде Шет ауданының «Толағай», Қарқаралы ауданының «Қайран жастық» Нұра ауданының «Ардагерлер» ансамбльдері, Ақтас мәдени-сауық орталығының «Ақ шаңырақ» этно-мәдени бірлестігі, Шахтинск қаласының этно-мәдени бірлестіктерінің құрама ансамбльдері топ жарып жарыс биігінен көрінгендігінің куәсі болдық. Жарыс жүлдегерлеріне арнайы дипломдар табыс етілді.

Аңғар СМАҒҰЛ

Есеп беру

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, ел аумағында барлық деңгейдегі әкімдердің тұрғындар алдында есеп беруі дәстүрлі үрдіске айналды. Бұл – билік пен халық арасындағы байланысты нығайтатын маңызды алаң. Биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығының қорытындысы бойынша Қарқаралы ауданында да есепті кездесулер қарқынды түрде өтуде.



Есепті кездесулер жалғасуда

Аудан әкімі Әділжан Аргынұлының қатысуымен өткізілген есепті жиындар Мәди, Тәттімбет, Нұрмақов, Абай, Қоянды, М.Мамыраев, Қ.Аманжолов, Темірші, То-мар, Бақты, Шарықты, Егіндібұлақ, Қаракөл және Балқантау ауылдық округтерінде өтті. Бұл кездесулерге аудан әкімінің орынбасарлары, бірқатар бөлім басшылары, сондай-ақ өңірлерден сайланған аудандық мәслихат депутаттары қатысып, халықпен ашық пікір алмасуға мүмкіндік жасалды. Кездесулер барысында округ әкімдері өз өңірлеріндегі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша атқарылған жұмыстарды баяндап, ағымдағы жылға арналған жоспарлармен таныстырды. Әлеуметтік нысандардың жөндеуі, жол инфрақұрылымы, су және электрмен қамту, жайылым мәселесі, жастар саясаты мен жұмыспен қамту сынды түрлі бағыттарда нақты істер айтылып, шешімін күткен проблемалар да назардан тыс қалмады.

Тұрғындар тарапынан түрлі сұрақтар қойылып, ел ішіндегі өзекті мәселелер көтерілді. Мәселен, ауыл ішіндегі жолдарды жөндеу, ауыз су құбырының тозуы, мал бағу мен жайылым реттеу, интернеттің сапасы және мәдениет нысандарын жөндеу жайы жиі қозғалды. Әр сұраққа заң аясында нақты әрі түсінікті жауаптар

берілді. Аудан әкімі көтерілген әрбір мәселеге жіті назар аударып, бірқатар сала жетекшілеріне нақты тапсырмалар жүктеді. Кейбір сұрақтар бойынша шешу жолдары сол жерде нақтыланып, орындалу мерзімі белгіленді. Бұл – билік өкілдерінің халықпен кері байланыс орнатуға және тұрғындардың ұсыныс-пікіріне бейжай қарамайтынын көрсетті.

Айта кету керек, биылғы есепті кездесулердің ерекшелігі – олар ашық диалог, сенім мен нақты жоспарға негізделген. Көп жағдайда ауыл азаматтары әкімдердің атқарған жұмысына оң баға беріп, елдегі тұрақтылық пен даму жолындағы істерге қолдау білдірді.

Есепті кездесулер – тек есеп беру емес, тұрғындардың ұсынысы мен тілегін тыңдап, оларды ел дамуы жолындағы шешімдерге тартудың тиімді тетігі. Қарқаралы ауданында бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі жалғасып келеді. Халықпен кездесулер алдағы аптада да бірнеше ауылдық округте жалғасатын болады. Бұл – аудан әкімдігінің ашықтық пен есептілік қағидаттарына адал қызмет етіп келе жатқанын айқын көрсетеді.

«Қарқаралы ауданы әкімі аппараты» ММ

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаныңды Астана күні мере-кесімен шын жүректен құттықтаймыз! Астана – мемлекетіміздің маңызды саяси орталығы, еліміздің жүрегі әрі мақтанышы. Елордамыз тарихи есеппен алғанда қысқа мерзімде еңсесі көтеріліп, есем де көрікті шаһарға айналды.

Жаңадан бой көтерген тұрғын үй кешендері, зәулім ғимараттар, салтанатты сарайлар мен көрікті аудандар астанамыздың шырайын келтіріп, сәнін арттырды.

Еліміздің әрбір азаматы астанамызбен мақтанып, құрмет тұтады. Астанамыздың дамуы, оның өрсінің кеңеюі – еліміздің де алға басқан қарышты қадамдарының айқын айғағы.

Тауелсіздігімізбен бірге түлген Астананы жастардың да қаласы деп жатамыз. Еліміздің түкпір-түкпірінен жалынды жастар ел астанасына құштарлықпен асығып, ойдағы асқақ арман, биік мұраттарын сол қалада іске асыруда. Астана – асыл армандар қанаттанатын, жастарға шабыт беретін, халқымызға айбынды рух сыйлайтын басты шаһарымыз!

Сіздерді мерейлі мерекемен құттықтай келе, әр отбасыға амандық, еңбектеріңізге толайым табыс, қасиетті Қарқаралымызға өсіп-өркендеу тілейміз!

Ел тауелсіздігі баянды, келер күндеріміз шырайлы болсын, ағайын!

Ә.АРҒЫНОВ,
аудан әкімі,
С.ОСПАНОВ,
аудандық мәслихат төрағасы

Өзекті мәселе

Сөз еткелі отырғанымыз – Қарқаралы мен Егіндібұлақ арасындағы тасжол. Өткен айда жол түсіп, Егіндібұлаққа барып қайтқан едім. Көлікте емес, бейне бір майдан даласында келе жатқандай күй кештім. Шұрық-тесік жолмен шайқала-шайқала жүйке де тозады, көлік те қиналады.

Қарқаралыдан Егіндібұлақ елдіме-кеніне дейінгі аралық – небары 90 шақырым. Бірақ сол 90 шақырымды еңсеру бүгінгі күні нағыз сынаққа айналған. 2017 жылы бұл жолға жөндеу жасалған екен. Алайда арада бір жыл өтпей-ақ, ой-шұңқыры шығып, жол қайта бүлінген. Содан бері 8 жыл өтті. Жол – баяғыдай, өзгеріссіз. Уәде бар, іс жоқ.

Тұрғындардың айтуынша, жолдың бұзылуына негізгі себеп – жақын маңдағы өндіріс орындарынан ағылып жататын ауыр жүк көліктері. Күндіз-түні зырлаған ауыр техника жолдың астаң-кестенін шығарған. Тіпті кезінде бөлінген қаражат пен төселген асфальт желге ұшқандай.

Осы өңірде тұратын азаматтар бұл жолмен күнде жүреді. Әсіресе Ақтасты ауылының тұрғындары жол азабын жақсы біледі. Ауыл тұрғыны Қайыржан Баймағанбетов былай дейді:

«Осы жолмен жиі қатынаймыз. Бұрын Ақтастыдан Қарқаралыға дейінгі 150 шақырымды 1,5 сағатта жүріп өтетін едік. Қазір жолдың ой-шұңқыры көп болғандықтан, әуірімдеп 4 сағатта зорға жетеміз. Өндіріс орнының КамАЗ-дары жолымызды құртты. Жүруге мүмкіндік жоқ. Ауырған адамдарды, жүректен қысылып қалса, ондай жағдайларда тез

Қарқаралы – Егіндібұлақ жолы: Үміт үзілген, жол жойылған



жеткізуге қиындап кетті».

Бұл – жалғыз Қайыржан ағаның мұны емес, бүтіндей бір ауылдың, тіпті аудан жұртшылығының күнделікті жанайқайы.

Бұл жолды бір жүріп өткен адам екінші рет қайталағысы келмейді. Себебі көлікпен емес, «көңілмен жүруге» тура келеді. Тас жолдың бетінен емес, шұң-

қырдың ішінен орын табасыз. Әсіресе, қыстың қытымыр суығында немесе көктемгі еріген су кезінде бұл бағытпен жүру – нағыз тәуекел.

Ауру адам болсаңыз, жедел жәрдеммен жылдам жету – арман. Жол бойында жолаушылардың қауіпсіздігі мен өмір сапасы назардан тыс қалып келеді.

Жергілікті тұрғындар әкімдікке бірнеше мәрте өтініш айтып, хат жазған. Бірақ нәтиже – нөл. Өзірге ешбір құрылыс техникасы бұл жолда көрінер емес. Жөндеуге қатысты уәделер айтылғанымен, нақты қадам жасалмауда.

2017 жылы жасалған жөндеу са-

пасыз жүргізілгені белгілі болды. Бұл – мемлекет қаржысының тиімсіз жұмсалғанын, бақылаудың әлсіздігін көрсетеді. Жөнделген жол бір жылға жетпей қайта қираса – бұл жауаптылардың жауапсыздығы емес пе?

Қазір жол жөндеуге арналған нақты жоба, қаржыландыру немесе кесте жайлы мәлімет те жоқ. Жергілікті жұртшылықтың сенімі сөніп, үміті үзілгендей. Алайда тас жолмен емес, тас жүреппен бетпе-бет келіп жүрген тұрғындар бұл мәселе шешіледі деп әлі де үміттенеді.

Жол – елдің құретамыры. Ол болмаса – байланыс үзілмек, тіршілік тұралмақ. Қарқаралы мен Егіндібұлақ арасындағы жол – бір ғана бағыт емес, тұтас бір өңірдің үні. Бұл жолда тек көлік емес, үміт сыналып тұр.

«Жол азабын жүрген біледі» дейді дана халқымыз. Ендеше, елдің үміті болған Қарқаралы-Егіндібұлақ тас жолының бойында бір күні көліктер қайта еркін жүйткіді деген сеніммен, біз де бұл мәселеге бей-жай қарамауға шақырамыз.

Халықтың көкейіндегі сұрақ – біреу: қашан жөнделеді? Осы сұраққа жауап табылмайынша, жол азабы – ел азабына айнала бермек.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Абай – 180



«Қайран жастық» – байқау жеңімпазы

Қарқаралы ауданының өнер ұжымдары облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі өнер байқауында жеңіске жетіп жүрі ешкімге де таңсық емес. Өйткені, бұл – өнер қонған өңір. Осында сексен жылдан астам әрекет еткен Қоянды жәрмеңкесі Біржан сал, Ақан сері бастатқан Арқа сал-серілерінің үніне елітсе, Қарқаралының төл тумалары – Төттімбет, Кемпірбай, Айтбай, Мәди, Ғаббас, Әміре, Қали, Жүсіпбек сияқты дүлдүлдері қазақ ұлттық мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Олардың дәстүрін жалғап, бүгінгі таңда өнер аспанында жарқырап жүрген ондаған жұлдыздарын жерлестері орынды мақтанш етеді.

Өнермен кәсіби деңгейде айналыспаса да өңірдің мәдени өміріне үлкен үлес қосып жүрген көркемөнерпаздар ұжымдары бар Қарқаралыда. Соның бірі – ардагерлердің «Қайран жастық» ансамблі. Халықтық өнер ұжымы мәртебесі бар ансамбль елімізде ұйымдастырылатын конкурстарда сан мәрте бәйгеңіз алдынан келгені көпшілікке аян. Дегенмен, дала данышпанының туғанына 180 жыл толуына орай кеншілер астанасында өткізілген байқауда жеңімпаз болудың принциптік маңызы бар. Өйткені, Абайдың жастық шағы Қарқаралы өңірімен тығыз байланысты. Оның үстіне, бұл ел Абайдың нағашы һәм қайын жұрты. Ардагерлер мен этно-мәдени бірлестік ансамбльдері арасында «Әнді сүйсен, менше сүй» атауымен Қарағанды

облысының әкімдігі мен Тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы ұйымдастырған Абай әндерін орындаушылардың облыстық байқауына Ш.Жандарбекова атындағы Қарқаралы мәдени-сауық орталығының ардагерлерден жасақталған «Қайран жастық» ансамблі ерекше дайындықпен баруы, сондықтан.

Ұлы ақын шығармаларын насихаттауға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған өнер бәйгесінде ерекше орындаушылық шеберлігін көрсеткен «Қайран жастық» облыстық деңгейде үздік екендіктерін тағы да бір мәрте дәлелдеді. Жеңісті жол жалғасып, Қарқаралының өнері өркендей берсін!

Өз тілшімізден

Талапкер – 2025

Талапкерлер eGov.kz порталы арқылы колледжге түсуге өтініш бере алады

eGov.kz порталында колледждерге құжаттар қабылдау науқаны басталды. Биыл бұл қызмет айтарлықтай жаңартылып, талапкерлер үшін әлдеқайда ыңғайлы болды. Енді өтініш беру кезінде талапкер жатақхана немесе тегін тамақтану қажеттілігін бірден көрсете алады. Әскери қызметті шақыру бойынша толық өтеген азаматтар санатына жататындар растайтын құжатты тіркей алады.

Маңызды жаңашылдықтардың бірі – оқу орнын таңдау кезінде сүзгілеу механизмінің енгізілуі. Жүйе талапкер таңдаған параметрлерге сәйкес колледждердің тізімін автоматты түрде қалыптастырады: оқу аймағы, оқыту үлгісі, бағыт және мамандық бойынша. Оқыту тілі көрсетілгеннен кейін жүйеде тек сол тілде оқыту қарастырылған оқу орындары ғана көрсетіледі. Сондай-ақ, «Серпін» бағдарламасына қатысатын өңірлердегі ауыл мектептерінің түлектері үшін жеке сүзгі іске асырылған.

Әр талапкер өтінішті бір рет қана бере алады, бұл ретте төрт түрлі колледжге

дейін, төрт мамандық таңдау мүмкіндігі бар. Құжаттардың жалпы көлемі 5 мегабайттан аспауы тиіс.

Өтініш беру үшін талапкерге:
- eGov.kz порталында авторизациядан өту қажет;
- «Білім» бөлімінің «Колледждер» санатын таңдау керек;
- «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау» қызметін таңдау қажет;
- барлық қажетті жолдарды толтырып, құжаттарды жүктеу керек;
- қызметті қолжетімді әдістердің бірімен растау қажет;

қызмет нәтижесі пайдаланушының Жеке кабинетінде «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде қолжетімді болады.

Қызмет көрсету мерзімі – 3-5 жұмыс күніне дейін. Құжаттарды қабылдау кезең-кезеңімен жүргізіледі және оқу түрі мен білім беру бағдарламасына байланысты. Қабылдау шарттары, құжаттарды тапсыру мерзімдері мен талаптардың толық тізімімен eGov.kz порталында қызметтің паспортында танысуға болады.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ

Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз!

Бүгінгі Абай ауылдық округының аумағында өткен ғасырдың ортасындағы тың игеру жылдары бұрынғы ұсақ колхоздар біріктіріліп, Абай атындағы совхоз құрылған болатын. Жергілікті тұрғындармен қатар, кеңестік науқаншылдыққа сай КСРО-ның әр түрлі өңірлерінен ағылып келгендердің тобынан ұйымдастырылған шаруашылық қысқа уақытта өркендеп, 2300-дей халқы, 25 мың гектар егістік алқабы, 40 мыңнан астам қойы, 850 жылқысы, 350 сиыры, тракторлар мен автомобильдер паркi бар өндірістік жүйеге айналды. Халыққа білім беру, денсаулық сақтау, мәдени-көпшілік, тұрмыстық қызмет көрсету мекемелері қалыптасу жұмысы істеп тұрды. Өкінішке орай, осындай мыңдаған шаруашылықтар ел тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында республика билігі тарапынан сәтсіз жүргізілген «реформалар» салдарынан күйреп, шалғайдағы елді мекендер «арамтамақ ауылдар» санатына жатқызылды. Мысалы, қазіргі Абай ауылдық округіндегі тұрғындар саны 350-дің үстінде ғана.

«Бірлік бар жерде – тірлік бар»




Кезінде осы аумақтарда тұрып, совхоздарда жұмыс істеген адамдар мен олардың ұрпақтары өздерінің кіндік қаны тамған жердің сонау бір гүлденген кезеңін аңсайды, ауылдың сондай келбетін көргісі келеді. Сондықтан, Абай атындағы совхоздың ірге көтергеніне 70 жыл толуын желеу етіп Ауыл күні мерекесін өткізу туралы бастама көтерілгенде, мұны жергілікті

тұрғындар ғана емес, тоқырау жылдары кәсіп іздеп өнеркәсіпті қалалар мен орталықтарға көшіп кеткендер, олардың ұрпақтары да қолдап, хал-қадірі келгенше демеушілік жасады. Атап айтқанда, мерекенің волейбол жарысына Ақбаровтар (жұлделер тағайындаумен қатар, қатысушыларға арнайы форма тіккізіп берген), аламан бәйге мен тай жарысына кәсіпкер

Таным

Қара қазанның қасиеті



Ұлттық поэзиямыздың қайраулы қара балтасы Махамбет Өтемісұлы:

– ...Еділді көріп емсеген,
Жайықты көріп жемсеген.
Таудағы тарлан шұбар біз едік.
Исатайдың барында,
Қара қазан, сары бала
Қамы үшін қылыш сермедік.
Шабытымыз келгенде,
Ерегіскен дұшпанды
Шетінен сүйреп жеп едік, – деп толғайтыны бар ғой. Махамбеттің қара қазан мен сары баланы қатар қоюы, тіпті тіршілік қорегінің құралын ұрпақтың алдына шығаруы басқа бұйымдарға қарағанда бұл ыдыстың халық өмірінде, мәдениеті мен салт-дәстүрінде алатын орны айрықша екенін көрсетеді. Қазақ жұрты ыдысты жай ғана қазан деп атамайды, қара қазан деп әспеттейді. Қара дегеніміз, бұл жерде заттың түр-түсін білдірмейді, қара шаңырақ деген сияқты ерекше қасиетін, адам тіршілігі үшін маңызы зор орнын айғақтайды.

Қасиетті бұйым, халықтың ғасырлар қойнауынан жеткен жәдігері ретінде қазанның түр сипаты да, жасалатын материалы да әртүрлі болады. Мысалы, Ахмет Яссауи мавзолейінде тұрған тайқазан, музей мамандарының айтуынша, жеті металдың – алтын, күміс, темір, қола, қалайы, мыс және қорғасынның қорытпасынан жасалған. Оны 1399 жылы парсы ұстасы Абдулазиз ибн Шарафуддин Табризи құйған. Қазанның ернеуіндегі жазба осындай ақпарат береді. Тайқазанның салмағы 2 тоннаға жуық, диаметрі 2,4, биіктігі 1,6 метр, сыйымдылығы 3 мың литр.

Күнделікті өмірде қолданылатын қазан шойыннан, әдетте жарты шар үлгісінде құйылып жасалады, ұстауға қолайлы төрт құлағы болады. Ең үлкені диаметрі он екі қарыс қара қазан немесе тай қазан деп аталады. Қазан басындағы ас пісіретін адамды қазақтар қазаншы дейді. Бұл жұмысты ер яки әйел адам да атқара береді. Қазан кәдімгі үш бұтты ошаққа немесе жерошаққа асылады. Беті қақпақпен жабылады. Отырықшы жерде арнайы қазандыққа орнатылады. Көшпелі жағдайда қазан сынып қалмас үшін оған қалың киізден арнайы қазанқап жасап, көнеппен қаптайды. Оттан көтеріп алғанда қол күймес үшін және күйе жұқпас үшін тұтқыш қолданылады. Ол қолға киілетіндей екі киіз қолғаптан түрінде жасалып, ұзындығы қазанның екі шетінен жететіндей ескен жіппен қосақталып

байланады. Сүт пісіріп, құрт қайнатқан қазанның түбіндегі қаспақты қыру үшін арнайы қырғыш қолданылады. Оны темірден жасайды.

Тіршілік құралы қазан тоқшылық пен берекенің, ырыс-несібенің айғағы, қасиетті, киелі ыдыс. Ұлттық әлеуметтік тарихи оқиғаларда да қазанның алатын айрықша орны бар. Ерегескен дұшпанның қазанын сындыру – оның отбасын ойрандаудың, қазанын төңкеру – масқаралаудың, аштыққа ұшыратудың белгісі. Мысалы, Қазақ хандығының заңдар жинағы «Жеті жарғыда» өлім жазасына бұйырылған адам жеті түрлі айып төлеп құтылған. Оның біріншісі – қара қазан тәлеу («Ақиқат» журналы, №6, 1993 ж.). Тағы бір мысал, Абылай хан Арғын тайпасының бес Мейрам бірлестігімен жауласып, Ботақанды тірідей көрге салып, Жанайды тұтқынға алғанда Қаздауысты Қазыбектің ұлы Бекболат би қалың қолмен қуып келгенде қара қазанын асулы күйінде жұртына тастап, өзі шегіне көшіп кетеді. Не елді басынған ханның басын аламын, не ханымын ат құйрығына саламын, не қара қазанын төңкеріп, олжалаймын деп серт етіп келген би Абылай ханның кішірейгенін бірден түсінеді. Ботақанның құнын, Жанай үшін айып алып, қазанын олжалап, бітімге келеді. Бұл қазанды Бекболаттан кейін Тіленші би, одан соң Алшынбай би асады. Атадан қалған қасиетті бұйымды Қарқаралы сыртық округы құрылған 1824 жылы Шаншар еліне болыс болып тағайындалған Абылайханның кенже ұлы Шама төре нар түйеге қалы кілем жауып әкеліп жолын жасап, алып кеткен екен. Шама Абылайханов 1835 жылы Үшқара тауының түбінде қайтыс болды. Зираты Түндік өзенінің жайылмасында күні бүгінге дейін тұр. Абылай ханнан Бекболат би олжалаған қазанның одан кейінгі тағдыры белгісіз.

Ойымызды жинақтай айтсақ, халқымыздың қара қазаны – берекенің бастауы, киелі де қасиетті ыдыс екенін жоғарыдағы әпсанамен жеткізе айтқан сияқтымыз. Тарихи-өлкетану музейлерінен қазанды көре қалсаңыз, қастерлі бұйымды бір сипап өтіңіз. Қазан атадан балаға мұра болып қалатын, ұлға енші, қызға жасау бергенде оның бас мүлкі саналатын, қазақ ұғымында Қыдыр қонған бағалы ыдыс. 1931-1933 жылдардағы аштық нәубетінде қазан асылмай қалғандықтан халқымыз харап болды. Қара қазанда қасиет барын ұмытпайық!

Е.ОРАЗБАЙ

«Нәтиже» фирмасының иесі Е.Әшімов болса, мейрамханалар жүйесінің басшысы Е.Қайсин де сырт қалмай, мектепке 40 пластик терезе орнатып беріпті.

Ауылдың қиреберісіне арқа орнатуды 1978 жылы туғандар міндетіне алса, 1987 жылғылар Айнабұлаққа 7 километр жердегі жол жиегіне стелла қою үстінде екен. Ауылдың шығыс бетіндегі, заңсыз төгілген күл-қоқысты тазарту жұмысының сметасы жасалған екен. Отыз жыл бойғы қоқыстан арылу үшін миллион теңге жұмсалмақ болса, оның жартысын Бақыт Тұмарбаева беріпті. Қалғанын осы ауылдың тумалары басқаратын фирмалар өтемең.


Сонымен бірге, ауыл есімін иеленген дала данышпанының туғанына 180 жыл толуына орай алдағы қоңыр күзде мұнда Абай оқуларын ұйымдастыру жоспарлануда. Сол үшін ауыл кітапханасын толық қайта жабықтыққа Әлия Нұрқенова міндетіне алыпты. Ауылдық округ әкімі Рүстембек Тақтановтың айтуынша, баршаға ортақ игілікті жұмыстарды жүзеге асырудан ауылдың ешбір тұрғыны шет қалмай, жұдырықтай жұмылған көрінеді. «Бірлік бар жерде – тірлік бар» деп халқымыз тегін айтпаған ғой. Абай ауылдық округінің ұйымшылдығы басқаларға да жұғысты болғай.

Е.ОРАЗБАЙ



Ойтолғау

Жасанды интеллект және жастар: жаңа мүмкіндік пе әлде қауіп пе?



Қазіргі заманда жасанды интеллект күнделікті өмірдің бір бөлігіне айналып келеді. Бұл технология білім беру, медицина, өндіріс сияқты салаларда кеңінен қолданылады. Жасанды интеллекттің дамуы жастар үшін жаңа мүмкіндіктер ашуда. Бірақ, бұл өзгерістердің оң және теріс жақтары қатар жүреді. Сондықтан, жасанды интеллект жастар үшін жаңа мүмкіндік пе әлде қауіп пе деген сұрақ жиі талқыланады.

Жасанды интеллекттің артықшылықтарын қарастыратын болсақ, ең алдымен білім беру саласындағы көмегі көзге түседі. Онлайн платформалар мен оқу жүйелері арқылы жастар өз бетімен білім ала алады. Бұл жастардың оқу үдерісін жеңілдетіп, өз білімін тереңдетуіне жол ашады. Сондай-ақ, жасанды интеллект еңбек нарығында да жаңа жұмыс орындарын туындатады. Бағдарлама лауашы, техникалық маман сияқты жаңа кәсіптер пайда болды. Жастар осы салаларға қызығып,

кәсіби дамуына жаңа бағыт таба алады. Сонымен бірге, ЖИ арқылы күнделікті тұрмыс жеңілдей түсуде. Мысалы, түрлі қосымша арқылы адамдар уақытын үнемдей алады. Алайда, жасанды интеллекттің теріс жақтары да бар. Жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесі осы технологияның әсерінен күшейіп кетуі мүмкін. Себебі көптеген қарапайым жұмыс түрі автоматтандырылып жатыр. Бұл болашақта кейбір мамандықтың мүлде жойылып кетуіне себеп болуы мүмкін. Осы жағдай жастардың болашақта жұмыс табуына кері әсер етеді.

Жасанды интеллект адамның жеке өміріне де әсер етіп жатыр. Кейбір қосымша адам жайлы деректерді жинап, оны түрлі мақсатта пайдаланады. Бұл ақпараттық қауіпсіздікке байланысты мәселелер туындатады. Жастар жеке мәліметтерінің қауіпсіздігіне мән бермей, зиян шегін қалуы мүмкін. Бұл әсіресе әлеуметтік желіде көп уақыт өткізетін жастар үшін өзекті. Тағы бір мәселе – жастардың шынайы өмірмен байланысының әлсіреуі. Жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін құрылғылар мен платформалар

жастарды виртуалды ортаға үйретіп жатыр. Бұл олардың адамдармен бетпе-бет қарым-қатынас жасау қабілетіне кері әсер етеді. Сонымен қатар, жасанды интеллектке шектен тыс сену адамның ойлау, шешім қабылдау қабілеттерінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Жасанды интеллектке тәуелділік те өзекті мәселе болып отыр. Кейбір жастар жаңа технологияға тым сеніп, өз бетінше ойлануға немесе шешім қабылдауға ұмтылмайды. Бұл олардың шығармашылық ойлауына кері әсер етеді. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде уақыт көп өткізу денсаулық пен психикаға теріс әсер етуі мүмкін. Қорыта айтқанда, жасанды интеллект жастар үшін жаңа мүмкіндіктер де, түрлі қауіп те әкеліп отыр. Оның дамуын толық тоқтату мүмкін емес. Бірақ оны дұрыс әрі тиімді пайдалану маңызды. Жастар жаңа технологияны игере отырып, оны білім мен даму үшін қолданса, бұл үлкен мүмкіндікке айналады. Ал керісінше, жасанды интеллектке толық тәуелді болып кетсе, бұл болашақта қиындықтар туғызуы мүмкін. Сондықтан бұл мәселені байыппен қарап, теле-теңдік сақтау керек.

Айым ЖҰМАЖАНОВА

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы ауданы, Қарағаш аулының тұрғыны болған аяулы ана, сүйікті әжеміз **Сәлия Сәйдіқызының** өмірден өткеніне 26 шілде күні қырық күн болады. Бәрі кеше ғана сияқты еді. Кеше ғана арамызда жадырап, қызық-қуанышымызда жарқылдап жүр еді. Әкеміз ерте қайтып, 8 баланы жалғыз өзі тәрбиелеп, өсірді. Немере мен шөбере сүйді. Бұл күнде соңында қалған балалар анамызды сағынышпен еске аламыз.



Қымбат еді күлімдеп қарағаның, Мына бізді Ай, Күнге балағаның. Өзіңменен бірге өткен өмірді ойлап, Сағынып жүр, жан ана, балаларың.

Жақсыларға ұнаған, мадақталған, Бізге көшті, сендегі қанатты арман. Рухың, ана, пейіште шалқысын деп, Құран оқып, тілейміз Жаратқаннан.

Еске алушылар: **балалары.**

ЕСКЕ АЛУ

Қарқаралы қаласының тумасы, асқар тау әкеміз – **Мағрұпбек Қашымұлы** тірі болғанда 2025 жылдың 10 шілдесінде 80 жасқа толар еді. Содан бері асыл әкеміздің арамыздан кеткеніне 13 жыл толып отыр.

Адам өмірінде асқар тауды әкенің орны ерекше. Біз үшін Мағрұпбек Қашымұлы – тек әке ғана емес, ұрпағына үлгі болған, ар-намысты бәрін биік қойған, шыншыл, еңбекқор, парасатты азамат еді. Қарапайымдылық пен көрегенділікті бойына сіңірген ол өз отбасына ғана емес, ауыл-аймағына да қадірлі, сыйлы тұлға болды.

Әкеміздің әрбір сөзі – насихат, әрбір ісі – үлгі, әрбір жүріс-тұрысы – тәрбие болатын. Ол кісінің бізге үйреткен адалдық пен жауапкершілік жолы бізге өмірлік бағыт-бағдар болып қалды. Ол бізге: "Тіршілікте түзу жүр, біреуге қиянат қылма, сөзіңе берік бол, еңбек етсең – емерсің" деп отыратын.

Жеткен жетістіктеріміз бен алған асыларымыз – әкеміздің кезінде еккен тәрбиесінің жемісі. Біз сол асыл мұраны сақтап, ұрпағымызға жеткізуді борышымыз деп білеміз. Сағыныш күн өткен сайын артпаса, кеміген емес. Асыл бейнеңіз көз алдымызда, естеліктер жүрегімізде мәңгілік сақталады. Жананымызда болмасаңыз да, әрбір сәтте, әрбір қуаныш пен сынақта біз сіздің рухани қамқорлығыңызды сезінеміз.

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, рухыңыз пейіште шалқысын. Сізді мәңгілік сағынышпен еске аламыз...

Сағынышпен еске алушылар: **балалары – Салтанат, Думан – Сандуғаш, Немерелері – Айзада – Дархан, Бекзат, Самира. Шөберелері – Әли, Алдияр, Әлихан, Дидар, Диас, Мирас**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Aktobe metiz» ЖШС 2025 жылғы 24 ақпанда берілген №3187-EL лицензиясына сәйкес Қарағайлы барит-полиметалл кен орнындағы «Шығыс үйіндісі» ТМО учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары және ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Географиялық координаттары: 1. 49°22'33.49304" 75°43'04.48846" 2. 49°22'35.90720" 75°43'17.62057" 3. 49°22'28.81551" 75°43'21.01948" 4. 49°22'22.07562" 75°43'37.78218" 5. 49°22'08.69568" 75°43'42.33982" 6. 49°22'00.84834" 75°43'26.46543" 7. 49°22'00.64712" 75°43'03.21388" 8. 49°22'08.59509" 75°43'00.20122" 9. 49°22'20.66727" 75°43'00.27845"

Өсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы ауылы.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу күні: 2025 жылғы 12 тамыз күні сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы ПӘ, Қарағайлы ауылы, әкім аппараты ғимаратында өтеді (мекенжайы: 20-шы квартал, 4-үй).

Онлайн қосылу сілтемесі <https://us05web.zoom.us/j/4557636415?pwd=WmNYSSswalRpZjdlTEhCM1pwRmQyZz09&omn=88437962708> Конференция идентификаторы: 455 763 6415 Қатысу коды: a8Ub79

Қатысушылар тіркеуі жеке куәлікті көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Тапсырыс беруші: «Aktobe metiz» ЖШС, БСН: 170 440 011 667 Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 8/2, ВП-8. Тел.: +7 771 271 0061

Жоба материалдарын әзірлеуші: «GREEN ecology» ЖК, тел.: +7 701 603 8056.

Жобаға қатысты құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press/article/1?lang=ru> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Қосымша ақпарат алу үшін мекенжай мен байланыс нөмірі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 8/2, ВП-8, тел.: +7 771 271 0061

Жобалық материалдар бойынша ескертулер мен ұсыныстар келесі мекенжайға қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru, тел.: 8 (7212) 56-81-66

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Aktobe metiz» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Плану разведки твердых полезных ископаемых на участке ТМО «Отвал Восточный» Карагайлинского барит-полиметаллического месторождения по лицензии № 3187-EL от 24.02.2025г. с Отчетом о возможных воздействиях.

Географические координаты: 1. 49°22'33.49304" 75°43'04.48846" 2. 49°22'35.90720" 75°43'17.62057" 3. 49°22'28.81551" 75°43'21.01948" 4. 49°22'22.07562" 75°43'37.78218" 5. 49°22'08.69568" 75°43'42.33982" 6. 49°22'00.84834" 75°43'26.46543" 7. 49°22'00.64712" 75°43'03.21388" 8. 49°22'08.59509" 75°43'00.20122" 9. 49°22'20.66727" 75°43'00.27845"

Территория воздействия: Карагандинская область, Каркаралинский район, с. Карагайлы.

Общественные слушания состоятся: 12 августа 2025 г. в 11.00 часов по адресу Карагандинская область, Каркаралинский район, Карагайлинская п.а., п.Карагайлы, Аппарат Акима Г.У. адрес: 20 квартал, 4 строение..

Описание для подключения к онлайн трансляции <https://us05web.zoom.us/j/4557636415?pwd=WmNYSSswalRpZjdlTEhCM1pwRmQyZz09&omn=88437962708> Идентификатор конференции: 455 763 6415, Код доступа: a8Ub79

Регистрация участников производится при предъявлении удостоверений личности.

Заказчик – ТОО «Aktobe metiz», БИН: 170 440 011 667, РК, 010 000, г.Астана, район Есиль, ул.Туркестан, д.8/2. ВП-8 Тел. +7 771 271 0061.

Разработчик проектных материалов ИП «GREEN ecology», тел.: +7-701-603-80-56.

Документация по проекту размещена на <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press/article/1?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: г.Астана, район Есиль, ул.Туркестан, д.8/2. ВП-8 Тел. +7 771 271 0061

Замечания и предложения принимаются: expertiza.upr_krg@mail.ru, г. 8 (7212) 56-81-66.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Aktobe metiz» ЖШС 2025 жылғы 24 ақпанда берілген №3187-EL лицензиясына сәйкес Қарағайлы барит-полиметалл кен орнындағы «Шығыс үйіндісі» ТМО учаскесінде қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары және ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Географиялық координаттары: 1. 49°22'33.49304" 75°43'04.48846" 2. 49°22'35.90720" 75°43'17.62057" 3. 49°22'28.81551" 75°43'21.01948" 4. 49°22'22.07562" 75°43'37.78218" 5. 49°22'08.69568" 75°43'42.33982" 6. 49°22'00.84834" 75°43'26.46543" 7. 49°22'00.64712" 75°43'03.21388" 8. 49°22'08.59509" 75°43'00.20122" 9. 49°22'20.66727" 75°43'00.27845"

Өсер ету аймағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы ауылы.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу күні: 2025 жылғы 12 тамыз күні сағат 12:00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы ПӘ, Қарағайлы ауылы, әкім аппараты ғимаратында өтеді (мекенжайы: 20-шы квартал, 4-үй).

Онлайн қосылу сілтемесі <https://us05web.zoom.us/j/4557636415?pwd=WmNYSSswalRpZjdlTEhCM1pwRmQyZz09&omn=88437962708> Конференция идентификаторы: 455 763 6415 Қатысу коды: a8Ub79

Қатысушылар тіркеуі жеке куәлікті көрсету арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс беруші: «Aktobe metiz» ЖШС, БСН: 170 440 011 667 Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 8/2, ВП-8. Тел.: +7 771 271 0061

Жоба материалдарын әзірлеуші: «GREEN ecology» ЖК, тел.: +7 701 603 8056.

Жобаға қатысты құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> порталында және жергілікті атқарушы органның <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press/article/1?lang=ru> сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде орналастырылған.

Қосымша ақпарат алу үшін мекенжай мен байланыс нөмірі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 8/2, ВП-8, тел.: +7 771 271 0061

Жобалық материалдар бойынша ескертулер мен ұсыныстар келесі мекенжайға қабылданады: expertiza.upr_krg@mail.ru, тел.: 8 (7212) 56-81-66

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Aktobe metiz» проводит общественные слушания в форме открытого собрания по Материалам для получения Экологического разрешения на воздействие при проведении разведки твердых полезных ископаемых на участке ТМО «Отвал Восточный» Карагайлинского барит-полиметаллического месторождения по лицензии № 3187-EL от 24.02.2025г. (НДВ, ПУО, ПЭК, ПМ)

Географические координаты: 1. 49°22'33.49304" 75°43'04.48846" 2. 49°22'35.90720" 75°43'17.62057" 3. 49°22'28.81551" 75°43'21.01948" 4. 49°22'22.07562" 75°43'37.78218" 5. 49°22'08.69568" 75°43'42.33982" 6. 49°22'00.84834" 75°43'26.46543" 7. 49°22'00.64712" 75°43'03.21388" 8. 49°22'08.59509" 75°43'00.20122" 9. 49°22'20.66727" 75°43'00.27845"

Территория воздействия: Карагандинская область, Каркаралинский район, с. Карагайлы.

Общественные слушания состоятся: 12 августа 2025 г. в 12.00 часов по адресу Карагандинская область, Каркаралинский район, Карагайлинская п.а., п.Карагайлы, Аппарат Акима Г.У. адрес: 20 квартал, 4 строение..

Описание для подключения к онлайн трансляции <https://us05web.zoom.us/j/4557636415?pwd=WmNYSSswalRpZjdlTEhCM1pwRmQyZz09&omn=88437962708> Идентификатор конференции: 455 763 6415, Код доступа: a8Ub79

Регистрация участников производится при предъявлении удостоверений личности.

Заказчик – ТОО «Aktobe metiz», БИН: 170 440 011 667, РК, 010 000, г.Астана, район Есиль, ул.Туркестан, д.8/2. ВП-8 Тел. +7 771 271 0061.

Разработчик проектных материалов ИП «GREEN ecology», тел.: +7-701-603-80-56.

Документация по проекту размещена на <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/press/article/1?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по материалам проекта можно получить по адресу и номеру: г.Астана, район Есиль, ул.Туркестан, д.8/2. ВП-8 Тел. +7 771 271 0061

Замечания и предложения принимаются: expertiza.upr_krg@mail.ru, г. 8 (7212) 56-81-66.

САПАЛЫ ПЛАСТИК ТЕРЕЗЕЛЕР
ҚАРАҒАНДЫ БАҒАСЫМЕН!

АҚПЛАСТ СЕРВИС
оправдывая ваше доверие

- Кепілдік
- Сервис
- Жеткізу

Мекен-жайымыз:
Қарағанды қаласы,
Бұқар-Жырау даңғылы 119,
2 этаж, кабинет 5

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫ
8 747 216 09 09

Жақсының аты өлмейді

Осы маусым айының 12 күні қадірлі ағамыз Қали Қабдоллаұлы 87 жасында қайтыс болды. Қарқаралы қаласындағы №1 қазақ орта мектебін Алтын медальмен бітіріп, Қарағанды медицина институтын үздік дипломмен тәмамдаған соң Қарағайлы кентіндегі ауруханада оташы әрі бас дәрігер болып еңбек еткен мықты маман еді. Ол кісі сонымен бірге, елдің, жердің тарихын өте жетік білетін отаншыл, патриот жан болатын. Бұл жолы Қали ағамен бірге жүрген бір сапар туралы баяндамақпын.

2023 жылдың 18 қыркүйек күні Қали аға телефон шалып, менімен бірге ата қонысымызға, Қаракесектің Өлтөбет тармағынан өрбитін Бөкенбай атаның ұрпақтары қоныстанған жерлерді көрсетуге құлықты екенін айтты. Бірден келістім. 20 қыркүйек күні таңсаріден Доскей кентіндегі Қали аға тұратын үйдің алдынан табылдым. Күн бұлыңғыр еді. Жолға жиналған соң, оған қарамай жүріп кеттік. Сапарлас үш адам едік – Қали аға, Мұғиын Жұмагелді және мен. Жолға шыққан соң, науқасынан сергіту үшін, Қали ағадан Бөкенбай атаның тарихы туралы сұхбат беруді өтіндім. Смартфонды қосып, жазуға кірістім. Өзімді қызықтыратын мәселелер бойынша бірнеше сұрақ қойып, кейбір деректерді нақтыладым. Сөйтіп, Қарқаралыға қалай келгенімізді байқамай қалдық.

Қаланың кіре берісіндегі жанар-жағар май құю стансасынан бірден солға бұрылып, Қарағайлының солтүстік-батыс қапталындағы жолмен Бүркіттіге қарай тарттық. Қали аға жол үстінде көздескен тауларды көрсетіп, атауын айтады. Мен оларды есте сақтауға тырысып, тоқтаған жерде дәптерге жазып, қолдан жасалған эскиз картаға түсірем.

Қарамырза (1071 м) тауының оңтүстік бетінде – Сарытау. Солға бұрылып, асфальттан түсіп, Сарытау асуына апаратын қара жолға түстік. Оң қолымызда Баймырза тауы бой көтереді. Жол тақтайдай. Өйткені, ол бұрынғы «Қарашоқы» колхозына апаратын.

Асуға көтерілген бетте Қарамырза тауының шығыс етегіндегі Сарытал қыстағы көрініді. Қыстақтан таяқ тастама жерде бұрынғы «Қарашоқы» колхозы үйлерінің құландысы мен іргетастары көрінеді. Қыстау қоныс үшін орын сәтті таңдалған екен. Оңтүстік-батыстан соғатын екпек желден Қарамырза мен Сарытау қорғайды. Тып-тыныш. Тоқтап, ескі қоныстың қалдықтарын суретке түсіріп алдым. Өйткені, Бөкенбайлармен көршілес, олардың солтүстігінде менің анам Мария Ғалиеваның туыстары тұрды. Нағашыларым Күші жүздің Жағалбайлысынан тарайды. Олар мұнда жоңғарлармен жауласқан дәуірде, Абылайхан заманында келсе керек.

Тауды терістігінен орап, сай бойымен құлдап, Қоянбайсай қонысына келдік. Бұл жерде Бөкенбай ұрпақтарының шеткі қонысы жұртына тап болдық. Қоныста Қоянбай Шегембайұлының екі ауылы тұрптық. Рулық үлкен зират та осында екен. Мұғиын Жұмагелдінің аталары осы жерде мәңгі тыныс тапқан екен. Ол атақонысына келгеніне бір жағынан қуанса, екінші жағынан бұл сапарға ертерек шықпағанына өкінішті. Аялдап, аруақтарға дұға бағыштадық. Болашақ кітап пен фильм үшін айнала төңіректі, көркем қонысты суретке түсіріп алдым.

Тауды солтүстік-шығыс бетіне барлай қарадық, жол сорабы көрінбейді. Оңтүстікке оралып, асу арқылы Баймырза тауын шығысынан орап өтейік деп шештік. Дала жолымен күншығысты бетке алып жүрдік те, шұғыл солға, Қадаш жері қонысына бұрылдық. Баймырзадан кейінгі таудың Қали ағадан сұрамағаным өкінем (кейін Баймырза тауының түстік бетінен Қайдауылды Қадаштың қыстауын ГУГЛ арқылы іздеп, таппадым). Асу арқылы солтүстікке тартатын дала жолы да сайрап жатыр екен. Асуға көтерілгенде Үшбұлақ қонысының панорамасы жарқ ете қалады. Кең сайда орналасқан қоныс өсімдік дүниесіне бай көрінеді. Осының өзі жердің атауы тауып қойылғанын, бұлаққа кенде еместігін көрсетеді.

Үшбұлаққа үлкен шаруа қожалығы бар екен. Тоқтап, ауыл иелерімен таныстық. Сапарымыздың жөнін, Өлтөбеттің Бөкенбай тармағынан екенімізді айттық. Бұлақтардың қайнар көзі қайда екенін анықтадық. Бұрынғы рулық қоныстар суға таяу орналасқандықтан, мұны білу маңызды. 1928 жылғы дерек бойынша ең үлкен қыстаудың жұрты Райымбекке тиесілі. Патшалақ дәуірде, яғни 1898 жылғы ақпаратта мұнда Шүлембайұлы Дайымбектің шаруашылық аулы отырған көрінеді. Қоныстың солтүстік-батысына қарай өрлеп, әулеттің ақсақалы Шүлембайдың жұртын көрдік. Оның терістігінде Райымбектің жақсы қоршалған отбасылық зираты тұр. Ұрпақтары ескерткіш



тақта қойыпты. Тағзым етіп, аруақтарға дұға бағыштадық. Мен төңіректі, қоныстың жұртын фильм үшін суретке түсіріп алдым. Сонымен қатар, Қали ағаның өлке тарихы туралы естеліктерін таспаға жазып отырдым.

Түстікке, Қарағайлы – Бүркітті күре жолына бет түзеп, келген ізімізбен кері оралдық. Ауа райы бұзылып, жаңбыр себеледі. Дала жолы езіліп жатыр. Бодран тауын оң жағынан айналып, Қарағайлы – Бақты жолына шықтық. Талды өзеніндегі көпірден өтіп, 300 метрдей жүрген соң дала жолына түсіп, Талдыңың оң жағалауымен түстікке қарай жүрдік. Бүркітті – Бақты жолынан оңтүстікке қарай 1,5 километр жерден Қали аға бәріміздің ортақ бабамыз Сексеннің бейітін тауып берді. Бұл жер бұрын қасиетті орын саналған. Себебі, ел шетіне, басқа рулармен таласы бар жерлерге қазақтар атақ-данқы зор би-батырларды жерлеген. Олардың рухы ұрпақтарын қолдап, өзгелердің жүрініне аяқ басуына тосқауыл болады деп сенген тұр. Осы Сексен бабамыздың зиратынан кеңестік картографтары картаға Сарыжал тауы деп түсірген, халық арасында ежелден Бөкенбайжал атанған өйгілі жота басталады.

Төбені асып, терістік-шығыс беттегі Босаға қонысына жөнелдік. Бұл қоныстың ұзына бойымен Өлке өзені ағады. Оның құйылысында Бөкенбайкөл орналасқан. Кент пен Баймырза таулары қоныс қылған Бөкенбай ауылдары бұрын осында көктемге түскен. Малдары осында төлдеп, жүздеген киіз үй тігіп, ұлдарына қалыңдық айттырып, қыздарына құда түскен жаңа туыстарымен танысқан, басқа да мерекелерін өткізген. Қозы-лақпен бірге ұызға тойынып, биебау жасаған. Төл аяқтанғаннан кейін бұдан әрі ұзап, жазғы жайлауға көш басып бұрған көрінеді. Патшалық Ресейдің 1824 жылғы құжаты өлтөбеттердің жазғы көші Қарасор көліне, Кіші Нұра, Үлкен Нұра, Көнезен өзендеріне, Үшқатын, Жамантас, Қосағаш, Шешенқара, Ботақара, Шерубай, Соқырсорға және басқа қоныстарға жетіп, Қарқаралыдан 250 шақырым (200 километр) жерлерге дейін ұзайтынын көрсетеді.

Біз жасында тұрған көлдің түстік бетінен Бөкенбайжал тау жотасының панорамасы ашылды. Қали аға түстіктегі биіктерді оңнан солға қарай көрсете бастады: Шетшоқы, Сарышоқы, Орташоқы, Басшоқы. Жол Бөкенбайжалдың терістік беткейін бекетерлеп, одан әрі оңтүстік-шығысқа кетеді. Сарышоқыға көтерілгенімізде Кент тауының солтүстік жоталары бар сұлұлығымен жарқ ете қалды. Сол қанатта Қаратас, Ханқұлу биіктері, оң қанатта Қызылкеніш қонысы көз суырады. Одан әрі жүрдік: Орташоқыны басып, Басшоқыға бет түзедік. Жарыққа жал тауының етегінен Мольбай Бөленгүл шаруашылық аулының жұрты кездесті. Бұл таудың ерекшелігі – оның төбесіне таяу жерде шағын сарқырама бар.

Бір жарым километрден кейін Толыбайжері қонысына келдік. Патшалық дәуірде мұнда Күлембай Нарымбайұлының шаруашылық аулы орналасыпты. 1928 жылғы санақ кезінде Мамайдың отбасы тұрған. Толыбай биігін айналып Іңкәрбай қыстауына бағыт алдық. 1898 жылы Ынтықбай Маңытбайұлы осы жерді мекендепті. Қыстаққа тоқтадық. Шаруа қожалығы бар сияқты. Сапалы тұрғызылған үй кеңес заманындағы совхоздың көзі сияқты. Сулы-нулы қоныс екені көрініп тұр. Бірақ, шаруашылық тұралап қалыпты. Іңкәрбай мен Мамай ұрпақтарының бірі

Ұмытылмас сапар



қолға алып ұйымдастырса, мына жер жайнап кетейін деп тұр ғой деген ой келді басқа. Туған жерге сауапты шаруа жасалса, атамекен де гүлденіп, аруақтар да риза болып қалар еді-ау. Өттең, бабалар аманатына адал азаматтар уақыт өткен сайын азайып, бүгінгі күнмен өмір сүретіндер көбейіп келеді.

Қыстақтың жанында Іңкәрбай әулетінің қорымы бар екен. Аруақтарға құран оқыдық та Қаратас биігін оң қолымызға алып, терістік-шығысқа жүріп кеттік. Көп ұзамай Байгелді өлкесіне босағасынан кірдік. Босаға дегеніміз, Өлке өзенінің қос қапталында тұрған екі жартас, қонысты күзетіп тұрған сақсы іспетті. Өлке өзенінің оңтүстігінде таудың сайларынан құлап ағатын бірнеше тармағы бар. Қаратастың шығыс етегін, өзеннің сол жағалауын ұстанып қонысқа ендік. Байгелді қонысынан сәл төмендегеннен кейін Өлке екіге жарады: батысы Сексенсай, шығыс бөлігі Сарытұмсық аталады. Оларды Сарыжаллақ жартасы тауы бөліп тұр. Оң қанатта Ханқұлу тауы бой көтерсе, сол жақта Сәттібай аулының жұрты көрінеді. Біз оңға бұрылып, Ханқұлу тауының етегіндегі Қазанғап аулы жұртының үстінен түстік. Ресей патшасы дәуірі тұсында бұл жерде Досан Жарқынбайұлының әулеті тұрыпты. Жер бедерінде қалған адам әрекетінің іздері бұл үлкен ауыл болғанына куә.

Оң қанатта Ханқұлу тауы тауы қарандаса, сол жақта Сәттібай аулының жұрты жатыр. Біз оң жақты ұстандық. Ханқұлу тауының етегінде Қазанғап қыстауының құландысы бар. Патшалық дәуірде бұл Досан Жарқынбайұлының қонысы болған. Уақыттан көктей өткен кейбір белгілеріне қарағанда, үлкен ауыл болған тәрізді.

Аялдап, айналыны барладық. Тіршілік тына қалғандай тыныштық. Қали аға бұл тіршілік иесі үшін «жұмақ» деп текке айтпаған екен. Осы жерде «жүрек жалғап» алуға шешім қабылдадық. Қали аға үшін бұл сапар үлкен қиындыққа түскені аңғарылады. Кальций жетіспегендіктен сай-сүйегі сырқырап, омыртқалары мен қабырғалары мүжіп, іші-бауырын езіп жіберетін сияқты. Оның үстіне тау-таспен, жолсызбен жүру оңай емес. Соған қарамай, ол қиналғанын барынша көрсетпеуге тырысып, шыдап келеді. Ол бұл сапарға әдейілеп тәуекел етті. Ең алдымен, атамекенді соңғы рет көріп, туған жерімен қоштасуды парыз санаса, екіншіден, ру картасын жасау үшін маған Бөкенбай ата ұрпақтары қоныстанған жерлерді көрсету аманатын орындағысы келді. Иә, мұның бәрі Өлтөбет руының болашақ ұрпақтары үшін қажетті әрекет.

Қали аға жол азықты күні бұрын әзірлеген екен. Қазысы мен екі литр қымызын алып шықты. Джиптің жүк салатын

қорабын жазып, дастарқан жайдық. Көркем табиғат аясындағы таза ауада бұл аса сіңімді тағам болды. Атамекенде ағамыз кіші-гірім ас бергендей мезірет жасады. Қали ағаның бұл ісін баяғыда өткен батырларға тән әрекет демеске лаж жоқ. Мұның бәрі болашақ ұрпақтар үшін жасалған қамқорлық. Сырқатына қарамастан, барып-қайтуы 500 километрден асатын жолға тәуекел етіп, туған жерімен тағы да бір мәрте қауышып, мәңгілік мекеніне көшкен аруақтарға дұға жасау үшін бойда қандай махаббат, санада қандай тереңдік болу керектігін ағамыз көрсетті. Ол шын мәнінде аталарының ерлігін орындай мақтан етіп, өзі игерген білім мен тәжірибені кейінгі буынға беріп кетуге тырысты.

Сәл-пәл тыныққан соң қайтадан жолға шықтық. Сайда шөп қалың екен, жол көрінбейді. Тіпті, бұл жаққа келген көліктің ізі көрінбейді. Өлтөбеттер қоныстанған мекендердің ішінде ең көркемі осы жерлер екен. Бір судың жағасынан Қазанғап өулетінің қорымын көрдік. Зираттағы ескерткіштердің көбі араб графикасымен кестеленген екен. Оның үстіне, көп уақыт өткендіктен су шайып, жел үрлеп, біраз әнірутер өшіп қалыпты. Бұл жазуларды тәріп үшін мамандар керек. Мүмкін бұл жерде Дүйсен, Досан, Ақпан және басқа аталар жерленген шығар. Аруақтарға дұға бағыштап, сайдың терең қойнауына қарай тарттық. Ханқұлу тауының шығыс етегіне жеттік. Тауды Бөкейхан ұрпақтары құрметіне осылай атаған екен. Бұл биік шын мәнінде айбынды.

Екі километрден кейін Сатан қыстауының жұртына келдік. Бұған қарама-қарсы, бұлақтың арғы жағында, Сарыжаллақ тауының батыс етегінде Лепсібай қыстауының жұрты көрінеді. 1898 жылғы Қырғыз жер пайдалану материалында бұл Мұса Божанұлы ақсақалдың шаруашылығы деп жазылған.

Оңтүстікке ойысқан сайын шөп пен шалғын қалыңдай түсті. Таудың ішіне бойлап ену талабымыздан ештеңе шықпады. Сарыжаллақ тауын солтүстігінен орап, Сексен өлкесіне бұрылмақ болдық. Бұлақтың оң жағына өтіп, Оспан қыстауының жұртын басып, Қанқожа қыстауына баратын жолға түстік. 1898 жылы мұнда Қылышбай Қоғылбайұлы отырған екен. Қанқожа қыстауының жанындағы зиратқа соғып, марқұмдарға дұға бағыштадық. Мен келесі кітапқа керек болар деп төңіректі, қыстаудың жұртын суретке түсіріп алдым. Оң жақта Жәлексай қонысы басталады. Бірақ, оған машинамен бара алмаймыз. Өсімдік қаптап өсіп, жабайыланып кеткен. Ертеде арба, басқа да көлік жүретін жол болған шығар. Бұрынғы қазақтар теңіз деңгейінен 2500 метр биікте көшіп-қонып жүре берген ғой. Қазір мына

жердің бәрі иесіз. Бүгінгі ұрпақ атақонысын білмейді. Білетіндерінің өзі кеңестік, одан кейінгі нарықтық тәрбие салдарынан ауылға ат ізін салмайды. Бабаларымыз отырған төрді, әжелеріміз от жаққан ошақтың орнын жабайы аң мен мал таптап жүргенін, аталарымыз су ішкен бұлақтың көзі бітелгенін көргенде ішің ашиды. Ең болмаса атасының қыстауын қоршап, белгі қоятын саналы ұрпақ болмағанына қынжыласың.

Көрінетін жолмен түстікке қарай тартып келеміз. Оң жақта Ақсоран тауы мұнартады. Аздан кейін Қоржас қыстауының жұртына келдік. 1898 жылғы санақта мұнда Бекен Байқожыұлы отырыпты. Біздің шамалауымызша, одан әрі Шоман Құманбайұлы мен ағасы Өшірбектің қоныстары болуы керек. Бірақ, кеш болып кетті. Тауда ымырт ерте түседі. Оның үстіне күзгі жаңбыр әсерінен аспан бұлыңғыр тартып, көз байлана бастады. Қараңғылық қюланбай қайтуға асықтық. «Босаға» арқылы таудан жазыққа шығып, Бақты – Қарағайлы жолына түстік. Қараңғыда Қарағайлыны оң жағынан айналып, Қарқаралы арқылы Қарағандыға бет қойдық. Жол бойы бүгінгі сапарымызды әңгімелеп, әсерлерімізбен бөлістік. Бастысы, кішкентай арманы орындалған Қали аға риза. Ауйрғаны, шаршағаны туралы сұрағымызға тіс жарған жоқ. Яғни науқасы жанына батып келеді. Қали ағаның үйіне түнгі 23.30-да келдік. Қоштасқан кезде бүгінгі сапардың нәтижесін картаға түсіруге уәде бердім. Қоныстарды картаға түсіру өзіме де қызықты.

«Google Earth Pro» бағдарламасы бойынша жұмысқа кірістім. Гуглдан 1898 жылғы Қырғыз жер пайдалану материалдарына және 1928 жылғы КСРО ауыл-қыстау жазбаларына қыстаулардың жұртын тауып, қожайындарын анықтадым. Өкініштісі, Кент тауларын суретке түсірген мамандар, құралдары әлсіз болған ба, анық баспапты. Карта бұлдырап тұр, қоныс-қоралар мүлде көрінбейді.

Екі аптадан кейін Қали аға мен Мұғиын Жұмагелдіге телефон шалып, картаны көруге келіндер дедім. «Google Earth Pro» бағдарламасымен жасалған картаны компьютерден ғана көруге болады, қағазға шығара алмайсыз. Бұл мәселе туралы Өлтөбеттер чатында және «Өлтөбет» қоғамдық қоры аясында мәселе көтердім. 1898 және 1926 жылғы құжаттарға сай карталар жасап, әртүрлі бағдарламаларды пайдаланып оларды цифрландыратын картограф-мамандар қажет. Өрине, олардың еңбегін төлеу керек. Сапар барысында түсірілген материалдардан фильм құрастыруға да қаржы жұмсалады.

Қали аға бақилыққа аттанғаннан кейін туған-туысқа деген қамқорлығы, адамгершілік қасиеті дәл сондай таяу уақытта кездестіре алмаймын ба деп уайымға батудамын. Ол энциклопедиялық білімі бар, есте сақтау қабілеті де ғажап адам еді. Атақоныстың қартасы жасалып, шежіресі жазылғаны үшін Өлтөбеттің Бөкенбай тармағынан өрбіген ұрпақтар Қали ағаға қарыздар. Егер 2023 жылдың күзіндегі сапар болмаса, Кент тауының қойнаулары, атақоныстағы қыстауларды кім көрсетіп, олардың иесі туралы мәліметтерді кім айтар еді?! Топырағы торқа болсын қадірлі ағаның!

Дегенмен, ауызды ку шөппен сұртуте болмаса – атақонысты көтеруге білек сыбана, бел буа кірісетін ұрпақтар келер дүниеге. Қазан аузы жоғары!

Кәбір ҚҰСАЙЫНҰЛЫ,
шежіреші, өлкетанушы

СУРЕТТЕРДЕ: Өлтөбеттің Бөкенбай тармағынан тараған аталар қоныстанған Кент тауларындағы қоныстарға 2023 жылғы сапар барысында көрінетіндер



«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы»
ЖШС Директоры –
Бас редактор
Құрманғазы ӨТЕБАЙ

100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй
Бас редактор – 31-3-50 (факс)
Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23
Бухгалтерия – 31-4-56
E-mail: karkaraly_too@mail.ru
Біздің есепшотымыз:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы,
ИИК KZ326010191000161842,
БИК HNBKZKX БИН 990940002210

Газет жергілікті
«Қарқаралы» газеті
редакциясы баспаханасында
теріліп, беттеліп,
Қарағанды қаласындағы
«Арқо» ЖШС
(Сәтбаев к., 15)
баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 01.09.2001, 2280-Г
Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті"
республикалық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 9 қантарында № KZ23VPY00109516
қайта есепке қою куәлігімен тіркелген.

Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ, Индекс 65626. Таралымы 2500. Тапсырыс 26